

**Қордай аудандық Қоғамдық кеңестің қоғамдық бақылау (мониторинг)
ХАТТАМАСЫ №9**

Қордай ауылы

10.05.2026 жыл

Бақылау барысында, Қордай аудандық Қоғамдық кеңесінің мүшелері Қоғамдық кеңес төрағасы Н.Молдабековтың жетекшілігімен, мүшелері Б.Жамангозов, Қ.Батыров, Е.Әбілдаев, М.Аманбаева, Е.Ағыбаев мекеме қызметкерлерімен аудан аумағындағы дәріханаларда дәрі-дәрмек бағаларына қоғамдық бақылау (мониторинг) жұмыстарын жүргізді.

Мониторингтің негізгі мақсаты – тұрғындарды қажетті дәрі-дәрмектермен қамтамасыз ету жағдайын зерделеу, дәрі-дәрмек бағаларының негізсіз қымбаттауына жол бермеу, кейбір дәрілік препараттарға белгіленген шекті бағалардың сақталуын бақылау және халықтың денсаулығын қорғау бағытындағы жұмыстардың орындалуын қадағалау болды.

Қоғамдық кеңес мүшелері бірқатар дәріханаларды аралап, әлеуметтік маңызы бар дәрілік заттардың қолжетімділігіне, бағаларының қолданыстағы талаптарға және белгіленген шекті мөлшерлерге сәйкестігіне, сондай-ақ қызмет көрсету сапасына назар аударды. Сонымен қатар дәріхана қызметкерлерімен кездесіп, дәрі-дәрмек қорының жеткіліктілігі мен баға қалыптастыру мәселелері бойынша пікір алмасты.

Мониторинг нәтижесінде дәріханалардағы баға саясаты мен дәрі-дәрмек қорының жай-күйі зерделеніп, тұрғындар үшін маңызды мәселелер бойынша тиісті ұсыныстар айтылды.

Қоғамдық бақылау жұмыстары халықтың сапалы әрі қолжетімді медициналық қызмет пен дәрі-дәрмекке қол жеткізуін қамтамасыз етуге бағытталған маңызды тетік болып табылады.


Шарада Қордай ауданындағы қоғамдық дамудың өзекті мәселелерін шешуге қатысты көптеген пайдалы пікірлер мен ұсыныстар айтылды.

Қоғамдық кеңес төрағасы



Н.Молдабеков

Қоғамдық кеңес хатшысы



Р.Имашева